



**БАТЫРХАН
ҚҰДАЙБЕРГЕНҰЛЫ
ТУРМЕТОВ**

(60 жасқа толуына орай)

2021 жылдың 9-қаңтарында профессор Б.Қ. Турметов 60 жасқа толды. Батырхан Құдайбергенұлы – дифференциалдық теңдеулер үшін шеттік есептер теориясы мен бөлшек ретті есептеулер теориясы бойынша белгілі ғалым.

Турметов Батырхан Құдайбергенұлы 1961 жылы 9-қаңтарда Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан ауданы, Оранғай ауылында қызметкер отбасында дүниеге келген.

Ол 1978 жылы Мұхтар Әуезов атындағы орта мектепті бітіріп, Әлішер Науаи атындағы Самарқан мемлекеттік университетінің Математика факультетіне оқуға түседі. 1980 жылы В.И. Ленин атындағы Ташкент мемлекеттік университетінің (қазіргі Мырза Ұлықбек атындағы Өзбек Ұлттық университеті) Механика-математика факультетіне ауыстырылады.

1982-83 оқу жылында М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде профессор Ш.А. Алимовтың жетекшілігімен екінші ретті эллипстік теңдеулер үшін өзгешеленген шеттік есептер бойынша дипломдық жұмыс жазады. 1983 жылы В.И. Ленин атындағы Ташкент мемлекеттік университетін үздік бітіргеннен соң, ӨзКСР ҒА Кибернетика институтына жұмысқа жіберіліп, 1984 жылдан 1989 жылға дейін «Сандық әдістер» зертханасының инженері, кіші ғылыми қызметкері болып еңбек етеді. 1989 жылдан 1996 жылға дейін В.И. Ленин атындағы Ташкент мемлекеттік университетінің «Математикалық физика» кафедрасында ассистент, доцент, кейіннен докторант болады.

1985 жылдан 1988 жылға дейін ӨзКСР ҒА В.И. Романовский атындағы Математика институтында сырттай аспирантурада оқиды. 1990 жылы ӨзКСР ҒА корреспондент мүшесі Ш.А. Алимовтың жетекшілігімен «Төртінші ретті эллипстік теңдеулер үшін өзгешеленген шеттік есептер» тақырыбында физика-математика ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясын сәтті қорғайды.

2000 жылдан 2005 жылға дейін Ташкент мемлекеттік авиация институтының «Жоғарғы математика» кафедрасында доцент қызметін атқарады.

2004 жылы ӨзКСР ҒА академигі Ш.А. Алимовтың жетекшілігімен «Бөлшек ретті интегро-дифференциалдау операторлары және шеттік есептердің шешілімділігінің мәселелері» тақырыбында физика-математика ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясын қорғайды.

2005 жылдан бері Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті «Математика» кафедрасының профессоры.

Профессор Б.Қ. Турметовтың негізгі ғылыми еңбектері эллипстік теңдеулер үшін шеттік есептер теориясымен, сондай-ақ классикалық және бейклассикалық шеттік есептердің шешілімділігі мәселелерімен байланысты. Сонымен қатар соңғы уақытта ол бөлшек ретті интегро-дифференциалдық теңдеулерді зерттеумен, бөлшек ретті дифференциалдық теңдеулердің шешімдерін құру әдістерін дамытумен айналысуда. Мұндай зерттеулер механиканың, жылу таралудың, электростатиканың, гидравликаның, кванттық физиканың және фракталды орталардағы құбылыстардың көптеген есептерін математикалық моделдеу кезінде кеңінен қолданылады.

Профессор Б.Қ. Турметовтың осы бағыттарда алған нәтижелері рейтингі жоғары халықаралық ғылыми басылымдарда жарияланды. Соның ішінде, 59 мақала Web of Science халықаралық базасында индекстелетін журналдарда (оның Хирша индексі h -index = 11, жалпы сілтемелер саны – 320), және 66 мақала Scopus халықаралық базасында индекстелетін журналдарда (оның Хирша индексі h -index = 12, жалпы сілтемелер саны – 422) жарияланды.

Профессор Б.Қ. Турметов «Kazakh Mathematical Journal», «Известия МКТУ серия Математика. Физика. Информатика» және т.б. журналдардың редакторлар алқасының мүшесі болып табылады. Ол «Жаратылыстану ғылымдары саласындағы ғылыми зерттеулер» бағыты бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылыми кеңесінің мүшесі.

Профессор Б.Қ. Турметов «ҚР БҒМ Құрмет грамотасымен», «Ғылым көшбасшысы (Clarivate Analytics)» марапатымен және басқа мақтау қағаздарымен марапатталған. 2017 жылы Б.Қ. Турметов ғылым мен техника саласының дамуына айтарлықтай үлес қосқан ғалымдар мен мамандарға берілетін ҚР Мемлекеттік стипендиясының иегері атанды.

Біз Батырхан Құдайбергенұлын 60 жасқа толған айтулы мерекесімен құттықтаймыз! Батырхан Құдайбергенұлын жаңа жетістіктер, талантты шәкірттерінің көп болуын және мықты денсаулық тілейміз!

Таңдаулы ғылыми еңбектер тізімі

1. B. Kh. Turmetov, K. Nazarova, On a generalization of the Neumann problem for the Laplace equation, *Mathematische Nachrichten*, 293:1 (2020), 169 – 177
2. V. V. Karachik, B. Kh. Turmetov, On solvability of some nonlocal boundary value problems for biharmonic equation, *Mathematica Slovaca*, 70:2 (2020), 329 – 341
3. V. V. Karachik, B. Kh. Turmetov, Solvability of one nonlocal Dirichlet problem for the Poisson equation, *Novi Sad Journal of Mathematics*, 50:1 (2020), 67 – 88
4. V. V. Karachik, B. K. Turmetov., On Green's function of the Robin problem for the Poisson equation, *Advances in Pure and Applied Mathematics*, 10:3 (2019), 203-213
5. B. Turmetov, K. Nazarova, On Fractional Analogs of Dirichlet and Neumann Problems for the Laplace Equation, *Mediterranean Journal of Mathematics*, 2019
6. V. V. Karachik, A. M. Sarsenbi, B. Kh. Turmetov, On solvability of the main boundary value problems for a non-local Poisson equation, *Turkish journal of mathematics*, 43:3 (2019), 1604 –1625
7. Б. Х. Турметов, Об одном обобщении задачи Робена для уравнения Лапласа, *Дифференциальные уравнения*, 55:9 (2019), 1179 – 1187
8. Б. Х. Турметов, О функции Грина аналога третьей краевой задачи для полигармонического уравнения, *Уфимск. матем. журн.*, 11:3 (2019), 79–88
9. B. Kh. Turmetov, On a method for constructing a solution of integro-differential equations of fractional order, *Electronic Journal of Qualitative Theory of Differential Equations*, 2018, no. 25, 1–14
10. B. Kh. Turmetov, M. Koshanova, K. Usmanov, About solvability of some boundary value problems for Poisson equation in the ball conditions, *Filomat*, 32:3 (2018), 939-946
11. B. Kh. Turmetov, V. V. Karachik, On solvability of some boundary value problems for a biharmonic equation with periodic conditions, *Filomat*, 32:3 (2018), 947-953
12. В. В. Карачик, Б. Х. Турметов, О функции Грина третьей краевой задачи для уравнения Пуассона, *Матем. тр.*, 21:1 (2018), 17–34
13. М. А. Садыбеков, Б. Т. Торебек, Б. Х. Турметов, Представление функции Грина внешней задачи Неймана для оператора Лапласа, *Сибирский математический журнал*, 58:1 (2017), 199-205
14. M. Kirane, B. Kh. Turmetov, B. T. Torebek, A nonlocal fractional Helmholtz equation, *Fractional Differential Calculus*, 7:2 (2017), 225-234

15. Б. Х. Турметов, О разрешимости некоторых краевых задач для неоднородного полигармонического уравнения с граничными операторами типа Адамара, Дифференциальные уравнения, 53:3 (2017), 343–354

16. S. Kerbal, B. J. Kadirkulov, B. Kh. Turmetov, Solvability of a Nonlocal Boundary Value Problem Involving Fractional Derivative Operators, Mathematical Modelling of Natural Phenomena, 12:3 (2017), 72–81

17. V. V. Karachik, B. Kh. Turmetov, On solvability of some Neumann-type boundary value problems for biharmonic equation, Electronic Journal of Differential Equations, 2017:No 218 (2017), 1–17

18. B. Kh. Turmetov, On Certain Operator Method for Solving Differential Equations, Filomat, 31:13 (2017), 4275–4286

19. M. A. Sadybekov, B. T. Torebek, B. Kh. Turmetov, Representation of Green's function of the Neumann problem for a multi-dimensional ball, Complex Variables and Elliptic Equations, V. 61.:№. 1 (2016), 104–123

20. R. R. Ashurov, A. Cabada, B. Kh. Turmetov, Operator method for construction of solutions of linear fractional differential equations with constant coefficients, Fractional Calculus and Applied Analysis, 19:1 (2016), 229 –251

21. B. Kh. Turmetov, On some boundary value problems for nonhomogenous polyharmonic equation with boundary operators of fractional order, Acta Mathematica Scientia, 36:3 (2016), 831–846

22. Б. Х. Турметов, Нормированные системы и их применение к построению решений дифференциальных уравнений дробного порядка, Вестн. Южно-Ур. ун-та. Сер. Матем. Мех. Физ., 8:1 (2016), 28–33

23. B. T. Torebek, B. Kh. Turmetov, Questions on solvability of exterior boundary value problems with fractional boundary conditions, Electronic Journal of Qualitative Theory of Differential Equations, 2016, no. 25, 1–14

24. B. Kh. Turmetov, M. D. Koshanova, K. I. Usmanov., About solvability of some boundary value problems for Poisson equation with Hadamard type boundary operator, Electronic Journal of Differential Equations, 2016 (2016), 1-12

25. M. A. Sadybekov, B. T. Torebek, B. Kh. Turmetov, Construction of Green's function of the Neumann problem in a ball, Eurasian Math. J., 7:2 (2016), 100–105

26. Б. Х. Турметов, О разрешимости одной краевой задачи для неоднородного полигармонического уравнения с граничным оператором дробного порядка, Уфимск. матем. журн., 8:3 (2016), 160–175

27. B. Kh. Turmetov, Solvability of fractional analogues of the Neumann problem for a nonhomogeneous biharmonic equation, *Electronic Journal of Differential Equations*, 2015:No. 82. (2015), 1–21

28. Б. Х. Турметов, Б. Т. Торебек, Модифицированные операторы Баврина и их применения, *Дифференциальные уравнения*, 51:2 (2015), 240–250

29. A. S. Berdyshev, A. Cabada, B. Kh. Turmetov, On solvability of some boundary value problem for polyharmonic equation with boundary operator of a fractional order, *Applied Mathematical Modelling*, 39:15 (2015), 4548–4569

30. А. Е. Бекаева, В. В. Карачик, Б. Х. Турметов, О разрешимости некоторых краевых задач для полигармонического уравнения с граничным оператором Адамара–Маршо, *Изв. вузов. Матем.*, 2014, № 7, 15–29

31. B. Kh. Turmetov, B. T. Torebek, On solvability of some boundary value problems for a fractional analogue of the Helmholtz equation, *New York Journal of Mathematics*, 20 (2014), 1237–1251

32. A. S. Berdyshev, A. Cabada, B. Kh. Turmetov, On solvability of a boundary value problem for a nonhomogeneous biharmonic equation with a boundary operator of a fractional order, *Acta Mathematica Scientia.*, 34B(6). (2014), 1695–1706

33. M. A. Sadybekov, B. T. Torebek, B. Kh. Turmetov, Solvability of Nonlocal Boundary-Value Problems for the Laplace Equation in the Ball, *Electronic Journal of Differential Equations*, 2014:157 (2014), 1–14

34. M. A. Muratbekova, K. M. Shinaliyev, B. Kh. Turmetov, On solvability of a nonlocal problem for the Laplace equation with the fractional-order boundary operator, *Boundary Value Problems*, 2014, no. 29, 1–15

35. М. А. Садыбеков, В. Х. Турметов, Об одном аналоге периодических краевых задач для уравнения Пуассона в круге, *Дифференциальные Уравнения*, 50:2 (2014), 264–268

36. B. Kh. Turmetov, R. R. Ashurov, On solvability of the Neumann boundary value problem for a non-homogeneous polyharmonic equation in a ball, *Boundary Value Problems*, 2013, no. 162, 1–15

37. B. T. Torebek, B. Kh. Turmetov, On solvability of a boundary value problem for the Poisson equation with the boundary operator of a fractional order, *Boundary Value Problems*, 2013, no. 93, 1–15

38. M. A. Sadybekov, B. K. Turmetov, On analogues of periodic boundary value problems for the Laplace operator in a ball, *Eurasian Math. J.*, 3:1 (2012), 143–146

39. А. С. Бердышев, Б. Х. Турметов, Б. Ж. Кадиркулов, Некоторые свойства и применения интегродифференциальных операторов типа

Адамара–Маршо в классе гармонических функций, Сиб. матем. журн., 53:4 (2012), 752–764

40. K. M. Shinaliyev, B. Kh. Turmetov, S. R. Umarov, A fractional operator algorithm method for construction of solutions of fractional order differential equations, Fractional Calculus and Applied Analysis, 15:2 (2012), 267–281

41. В. В. Карачик, Б. Х. Турметов, Б. Т. Торебек, О некоторых интегро-дифференциальных операторах в классе гармонических функций и их применении, Матем. тр., 14:1 (2011), 99–125

42. Б. Х. Турметов, О гладкости решения одной краевой задачи с граничным оператором дробного порядка, Матем. тр., 7:1 (2004), 189–199

43. Б. Х. Турметов, О гладкости решения одной краевой задачи в обобщенных классах Никольского, Дифференц. уравнения, 32:10 (1996), 1421–1426

44. Б. Х. Турметов, Об одной краевой задаче для гармонического уравнения, Дифференц. уравнения, 32:8 (1996), 1089–1092

45. Б. Х. Турметов, С. Р. Умаров, Об одной краевой задаче для уравнения с дробным производным, Доклады РАН, 333:4 (1993), 446–448